

«М. Бегенов атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ-сі қосымша білім беру
педагогының 2022-2023 оқу жылындағы қорытынды есебі

Баланың дарынды бойына күш қуаты жеткілікті екендігіне сендіру-ұстаз бойындағы күдіретті күш. Өйткені, сенім үлкен жеңіске жетелейді. Терең біліммен қоса, саналы тәрбие мен қосымша білім беру-әрбір ұстаздың абыройлы борышы. Сондықтан жауапкершілігі мол міндеттердің бірі-балаға тиянақты білім беру арқылы оларды ізденімпаздық пен шығармашылыққа баулу. Бұл тұрғыдан алғанда менің мақсатым, оқушыларға үздіксіз қосымша білім алуға, өз беттерімен білімін жинақтап, өмірге бейімделуіне жағдай жасау. Өнерге икемі бар балалардың өнерге деген білімін қалыптастыру, іскерліктерін, шеберліктерін шыңдау жолында мектептерде, қосымша білім беру ұйымдарында үйірме жұмыстары жүргізіледі.

Оқушылардың сабақтан алған білімін нақтылап, дамыта оқытудың бірден-бір жолы үйірме жұмыстары. Мектептегі түрлі үйірмелер және қосымша білім беру ұйымдарындағы шаралар мен жүргізілетін жұмыстар оқушы қажеттілігінен туындап отыр.

Мектебіміздегі 5 спорттық секцияларына 1-11 сынып оқушыларының 135-ы қатыстырылды. Оның ішінде волейбол ұлдар 36, волейбол қыздар 25, баскетбол 23, үстел тениісінен 21, тоғызқұмалақ 30 бала қатысады. Мектеп оқушыларының 80 пайызы. Көптеген оқушылар бірнеше үйірмелерге қатысады. Жалпы үйірмеге тартылмай отырған бала жоқ.

Мектеп жанындағы «Ақжігіт» балалар аула клубындағы оқушы саны 128. Оның ұлы -71, қызы – 57. «Драма» үйірмесінде 30, «Домбыра» үйірмесінде 15, «Қолөнер» үйірмесінде 20, «Бейнелеу өнерінде» 18, «Ұлттық ойын» 30, «Шахмат» үйірмесінде 15 оқушы қамтылған.

«Шұбар доп» мектеп лигасы 7-8 сынып оқушылары (ұлдар) арасындағы аудандық жарыста М. Бегенов командасы I орын, волейболдан «Шұбар доп» мектеп лигасы 9-11 сынып оқушылары (ұлдар) арасындағы аудандық жарыста М. Бегенов командасы I орын, облыстық жарыста II орынға ие болды.

«Шахмат – ақыл-ойдың спорты» атты тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған мектепішілік шахмат олимпиадасында Қали Қадыржан I орын, Көмеков Мейіржан II орын, Саттар Нұрбек III орынмен марапатталды.

ҚР Маңғыстау облысы, Бейнеу аудандық мектеп оқушылары арасында өткізілген /11-13 жас/ шахмат жарысында Қали Қадыржан және Саттар Нұрбек IV орынмен оралды.

«Қолөнер» үйірмесінің мүшесі Тәжібаева Арайлым «Алтын қазына» көркем және сәндік қолданбалы өнер бойынша балалар шығармашылығының республикалық көрме-байқауының аудандық кезеңінде I орын, облыстан III орынмен марапатталды.

«Домбыра» үйірмесіне қатысатын оқушылар мектепішілік түрлі шараларда ұлттық аспапта оркестрмен өз өнерлерін көрсетіп жүр.

«Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың мәдени-білім беру жалпыұлттық дебаттық қозғалысының жобасын іске асыру мақсатында «Жас көшбасшы» дебат клубы тарих пәні мұғалімі Тлепиева Айкумис Сабигатовнаның жетекшілік етуімен жұмыс жасайды. Құрамына 8-11 сынып оқушылары қамтылған, жалпы саны 15.

14 қарашада 6 сынып оқушылары арасында «Карл Поппер форматында «Батыс пен Шығыс мәдениеті арасындағы айырмашылық» тақырыбында дебат өтті. Дебатқа 6 оқушыдан тұратын 2 фракция қатысты.


1 желтоқсанда 9 сынып оқушылары арасында ЛД (Ликольн-Дуглас) форматында «ҚР-ның Тұңғыш Президенті күнін алып тастау керек деп есептейді» дебаты өткізілді. Қатысушылары Амангелді Орынай мен Ғалым Сабина. Сарапшы Тлепиева Айкумис.

21 желтоқсан күні 8 сынып оқушылары арасында «Карл Поппер» форматында «Білімді интернеттен емес кітаптан алу керек» атты дебат өткізілді. Бұл дебатқа 2 фракция құрамында («Білім», «Ғылым») 6 оқушы қатысты.

Жалпы айтқанда, қосымша білім берудегі жоспарланған жұмыстар өз уақытында орындалып отырды, алдағы уақытта да келесі оқу жылына нақты жоспар құрылып, жұмыс өз жалғасын табады деген сенімдемін. Қосымша білім беру іс-әрекетінде сезім, мінез, қабілет, қажеттілік, ойлау, дағды, өмірге және өнерге, спортқа деген қызығушылық көзқарастарды оқушы бойында қалыптастыру керек екендігі айқындалды. Қазіргі оқыту технологиясы барысында бала үйірмеге қатысушы емес, үйренуші, өзіндік ой-өрісі бар жан-жақты дамыған тұлғаға айналуы қажет.

Оқушылардың қосымша біліммен қамтылуы

Жылдар	2020-2021 о.ж.	2021-2022 о.ж.	2022-2023 о.ж.
Оқушы саны	257	246	230
Қатысқан бала	155	123	135
Пайызы	60	60	80



«ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ» үйірмесі



«ШАХМАТ» аула клубы ойын үстінде





Оқушыларды сахна мәдениетіне үйрету



«Домбыра-дастан» үйірмесі сабақтарынан көрініс





Волейбол үйрмесі



Үстел теннисі



«АТАМЕКЕН CUP 2022» аудандық пікірсайысында



«Жас көшбасшы» дебат клубы

